

"KASE КЛИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ" АҚ

"KASE клиринг орталығы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2026 жылдың 31 наурызындағы
отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2026 жылдың 07 сәуірінен бастап
қолданысқа енгізілді

**Төлем карточкаларының банкаралық
жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын
қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді
қабылдау, есепке алу және бақылау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Осы Ережелер "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылдың 31 тамыздындағы № 217 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу ережелеріне (бұдан әрі – ТКБЖ жұмыс істеу ережелері), Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының банкаралық төлем карточкалары жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде өзара іс-қимыл жасасу регламентіне, сондай-ақ "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді және Клиринг орталығының төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қабылдау, есепке алу және бақылау келісім-шарттары мен тәртібін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасының заңнамасында, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:
 - 1) **ішкі құжаттар** – Клиринг орталығының ішкі құжаттары;
 - 2) **МБҚ** – ТКБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін қамтамасыз ету ретінде ҚРҰБ қабылдайтын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары;
 - 3) **Келісім-шарт** – есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы болып табылатын Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушы не есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсететін клирингілік қатысушы арасында жасалатын ТКБЖ-де есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау туралы келісім-шарт;
 - 4) **Келісім-шартқа қосылу туралы өтініш** – Клиринг орталығының нысаны бойынша Клирингілік қатысушының Келісім-шартқа қосылу туралы жазбаша өтініші;
 - 5) **Клирингілік қатысушы** – есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы болып табылатын клирингілік қатысушы және (немесе) есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына қызмет көрсететін клирингілік қатысушы;
 - 6) **ХТЖ** – Visa және Mastercard халықаралық төлем жүйелері;
 - 7) **ААБЖ** – ақша аудару банкаралық жүйесі;
 - 8) **ТКБЖ** – төлем карталарының банкаралық жүйесі;
 - 9) **ҚРҰБ** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 - 10) **қамтамасыз ету** – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының МБҚ және/немесе ұлттық валютадағы ақшасы;
 - 11) **шектеу шектелімі** – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыны қамтамасыз ету сомасына тең және қамтамасыз ету шотында МБҚ-ның және (немесе) ұлттық валютадағы ақшаның болуын бақылауды жүзеге асыру үшін Клиринг орталығы сауда-клирингілік жүйесінде белгілейтін шектелім;
 - 12) **жүйенің операциялық орталығы** – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" АҚ;
 - 13) **шекті мәндер** - тиісті ХТЖ бойынша қатысушының белгіленген шығыс шектелімінен үлес ретінде есептелетін тиісті ТКБЖ-де ХТЖ-ның төлем карточкаларымен операциялар бойынша қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының айналымдарына қол жеткізу деңгейлері;
 - 14) **КЖТҚҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;

- 15) **Клиринг ережелері** – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;
 - 16) **Есеп айырысу ережелері** – Клиринг орталығының "Қор нарығында орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;
 - 17) **шығыс шектелімі** (авторландыру шектелімі) – Клиринг орталығы есептейтін, жүйеде өңдеуге рұқсат етілген қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының операциялары бойынша ақша сомасы;
 - 18) **Регламент** – "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының банкаралық төлем карточкалары жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде өзара іс-қимыл жасасу регламенті";
 - 19) **есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесі** (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесі) – Қазақстан Республикасының аумағында банктер шығарған және жүйеде өңделген төлем карточкаларының халықаралық жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдаланатын тетік;
 - 20) **Келісім** – Клиринг орталығы, ҚРҰБ және жүйенің операциялық орталығы арасында жасалған есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау қызметтерін көрсету туралы келісім;
 - 21) **Қамтамасыз етудің қосалқы шоты** – МБҚ-ны қабылдау, есепке алу және сақтау мақсатында Орталық депозитарийде қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы үшін ашылатын жеке шоттың қосалқы шоты;
 - 22) **қамтамасыз ету сомасы** – қамтамасыз ету жүйесінің әрбір қатысушысы үшін есептелетін және ҚРҰБ жүйедегі қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының операциялары бойынша есеп айырысуды аяқтауға арналған қамтамасыз ету мөлшері;
 - 23) **Қамтамасыз ету шоты** – Клирингілік қатысушыға Клиринг орталығы ашқан және қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді есепке алу мен бақылауды көрсетуге арналған клирингілік шот;
 - 24) **есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы** (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы) – есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысу туралы ҚРҰБ-мен жасалған келісім-шарт негізінде қамтамасыз ету жүйесіне қосылған жүйеге қатысушы;
 - 25) **АКҚАЖ** – ақпарат көлігінің қаржылық автоматтандырылған жүйесі – ақпаратты қорғалған байланыс арналары арқылы электрондық түрде беруге арналған арнайы байланыс арнасы;
 - 26) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ.
2. Егер қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы клирингілік қатысушы болып табылмаса, мұндай қатысушының Клиринг орталығымен өзара іс-қимылы осы Ережелерде белгіленген тәртіппен оған қызмет көрсететін клирингілік қатысушы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте мұндай клирингілік қатысушы осы Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсетуге өтініш-келісім береді.
 3. Клиринг орталығы қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдауды, есепке алуды және бақылауды осы Ережелерге 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қосылу келісім-шарты негізінде жүзеге асырады.
Келісім-шарт Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланады. Клирингілік қатысушы осы Ережелерге 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Келісім-шартқа қосылады. Клирингілік қатысушы Клиринг орталығы Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішті алған күннен бастап Келісім-шартқа қосылған болып есептеледі.
 4. Клиринг орталығы, ҚРҰБ және жүйенің операциялық орталығы арасындағы өзара іс-қимыл, оның ішінде ақпарат алмасу және қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде іс-қимылдарды жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері Регламентте және Келісімде анықталады.
 5. Осы Ережелерде көзделген ақпарат алмасу және жіберу АКҚАЖ жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

2 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШОТЫН АШУ

6. Клирингілік қатысушы ҚРҰБ-дан оны ашу қажеттігі туралы хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашуды қамтамасыз етеді. Қамтамасыз етудің қосалқы шоты әрбір ХТЖ бойынша жеке ашылады.

Бұл ретте Клирингілік қатысушы 1 (бір) жұмыс күні ішінде Клиринг орталығына осы Ережелерге 4 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашу туралы хабарлама жібереді.

7. Клиринг орталығы Клирингілік қатысушыдан Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашу туралы хабарлама алғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде өзінің ақпараттық жүйелерінде Қамтамасыз етудің қосалқы шотында есепте тұрған МБҚ туралы мәліметтерді көрсету үшін сауда-клирингілік шот, сондай-ақ Клирингілік қатысушыдан әрбір ХТЖ бойынша жеке ұлттық валютада түскен ақшаны көрсетуге арналған онымен байланысты ақшалай клирингілік шот ашады.

3 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СОМАСЫН, ШЕКТІ МӘНДЕР МЕН ШЫҒЫС ШЕКТЕЛІМІН ЕСЕПТЕУ

8. Клиринг орталығы қамтамасыз ету жүйесі қатысушысының рейтингтік коэффициенті туралы ақпараттың, сондай-ақ ҚРҰБ-дан және жүйенің операциялық орталығынан тиісінше алынған алдыңғы 12 (он екі) ай үшін тиісті ХТЖ бойынша оның банкаралық айналымдары туралы деректердің негізінде қамтамасыз ету сомасын, шекті мәндерді және шығыс шектелімін Регламентке сәйкес формулалар бойынша есептейді және тараптарға мынадай ақпаратты жібереді:

- 1) Клирингілік қатысушыға және/немесе қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға – қамтамасыз ету сомасы және шығыс шектелімі бойынша деректер;
- 2) жүйенің операциялық орталығына – шекті мәндер және шығыс шектелімі бойынша мәліметтер;
- 3) ҚРҰБ – қамтамасыз ету сомасы, шекті мәндері және шығыс шектелімі бойынша деректер.

4 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҚАБЫЛДАУ

9. Клирингілік қатысушы 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клиринг орталығынан ХТЖ-ның әрбір түрі бөлінісінде қамтамасыз ету сомасы туралы алынған мәліметтерді ескере отырып, Қамтамасыз етудің қосалқы шотында МБҚ болуын және/немесе Орталық депозитарийдегі Клиринг орталығының корреспонденттік шотында ақшаның болуын қамтамасыз етеді. Қамтамасыз етудің қосалқы шотындағы қамтамасыз ету мен Клиринг орталығының корреспонденттік шотындағы ақшаның жиынтық құны қамтамасыз ету сомасынан кем болмауға тиіс.

Клиринг орталығының корреспонденттік шотына ұлттық валютада ақша түрінде қамтамасыз ету сомасын ұсынған кезде қамтамасыз ету сомасына сыйақы есептеу жүзеге асырылмайды.

10. Қамтамасыз ету мөлшерін анықтау үшін қамтамасыз етуге ұсынылған МБҚ-ның есептік құнын Клиринг ережелеріне және "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес Клиринг орталығы анықтайды
11. Клиринг орталығы Клирингілік қатысушының МБҚ және (немесе) ұлттық валютадағы ақша түрінде қамтамасыз етуді ұсынуының операциялық күнінен кешіктірмей Қамтамасыз ету шотында осы қамтамасыз етудің көрсетілуін қамтамасыз етеді және бұл туралы ҚРҰБ мен жүйенің операциялық орталығын жазбаша хабардар ете отырып, онда шектеу шектелімін белгілейді.

5 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СОМАСЫН АЙ САЙЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

12. Клиринг орталығы ай сайын 5 (бесінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде қамтамасыз ету сомасын, шекті мәндерді және шығыс шектелімін қайта есептеуді жүзеге асырады және есептелген қамтамасыз ету сомасына сәйкес Қамтамасыз ету шоты бойынша шектеу шектелімдерін жаңартады.
Қамтамасыз ету сомасын, шекті мәндерді және шығыс шектелімін қайта есептеу нәтижелері бойынша Клиринг орталығы осы Ережелердің 8 тармағына сәйкес тараптарға тиісті ақпарат жібереді.
13. Клирингілік қатысушы ай сайын 7 (жетінші) жұмыс күніне дейінгі мерзімде Клиринг орталығынан ХТЖ-ның әрбір түрі бөлінісінде қамтамасыз ету сомасы туралы алынған мәліметтерді ескере отырып, Қамтамасыз етудің қосалқы шотындағы МБҚ-ның қосымша көлемін және (немесе) Клиринг орталығының Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотына қажетті қамтамасыз ету сомасына дейін ұлттық валютада ақша аударуды қамтамасыз етеді.
14. Клирингілік қатысушы осы Ережелердің 13 тармағында көрсетілген мерзімде қамтамасыз етудің қосымша көлемін қамтамасыз етпеген жағдайда Клиринг орталығы Клирингілік қатысушыға және/немесе қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға бұл туралы МБҚ-ның қосымша көлемін ұсыну және (немесе) қамтамасыз ету сомасының қажетті мөлшеріне дейін ұлттық валютада ақша аудару жөніндегі талаптармен бірге жазбаша хабарлама жібереді.
15. Клирингілік қатысушы қамтамасыз ету сомасын толықтыру жөніндегі талаптарды орындамаған жағдайда Клиринг орталығы шығыс шектелімін қайта есептеуді (мөлшерін азайтуды) жүзеге асырады және Клирингілік қатысушыға және/немесе қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына жаңартылған шығыс шектелімін, сондай-ақ:
 - 1) жүйенің операциялық орталығына – жаңартылған шекті мәндер мен шығыс шектелімін;
 - 2) ҚРҰБ – қамтамасыз етудің жаңартылған сомасын, шекті мәндерді және шығыс шектелімін жібереді.
16. Клирингілік қатысушы осы Ережелердің 14 тармағында көрсетілген Клиринг орталығының МБҚ-ның қосымша көлемін ұсыну және (немесе) қамтамасыз ету сомасының қажетті мөлшеріне дейін ұлттық валютада ақша аудару жөніндегі талабын орындағаннан кейін Клиринг орталығы шығыс шектелімінің мәнін осы Ережелердің 12 тармағына сәйкес анықталған мөлшерде белгілейді.

6 тарау. ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ, БАҚЫЛАУ, ҚАЙТА БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ

17. Клиринг орталығы қамтамасыз етудің оқшауланған және бөлектелген есебін жүзеге асырады.
18. Клиринг орталығы барлық сауда-саттық сессиялары жабылғаннан кейін сауда-саттық нәтижелері бойынша МБҚ-ның құнын күн сайын қайта бағалауды Клиринг ережелеріне және "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты ішкі құжатына сәйкес жүргізеді.
Алынған МБҚ есептік құны қамтамасыз ету сомасын бағалау үшін МБҚ құнын есептеу күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні қолданылады.
19. Қамтамасыз ету шотында оларды қайта бағалау қорытындылары бойынша МБҚ құнының өзгеруіне байланысты қамтамасыз ету сомасы жеткіліксіз болған кезде Клиринг орталығы Клирингілік қатысушыға және/немесе қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына Клиринг орталығынан хабарлама алған күні Алматы уақыты бойынша сағат 14:00-ге дейінгі мерзімде МБҚ-ның қосымша көлемін ұсыну және (немесе) қажетті мөлшерге дейін ұлттық валютада ақша аудару қажеттігі туралы хабарлама жібереді.
20. Клирингілік қатысушы Қамтамасыз ету шотын толықтыру жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда Клиринг орталығы бұл туралы ҚРҰБ-ға және жүйенің операциялық орталығына шығыс шектелімінің нөлдік мәнін белгілей отырып, қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының төлем карточкалары бойынша авторландыруды тоқтата тұру қажеттігі туралы хабарлама жібереді.
21. Қамтамасыз ету шотын толықтырғаннан кейін осы Ережелердің 19 тармағында көрсетілген Клиринг орталығының хабарламасы негізінде Клиринг орталығы жүйенің операциялық

орталығының атына қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар бойынша авторландыруды қайта бастау үшін бұл туралы хабарлама жібереді.

22. Қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы ХТЖ-дан шығарылған жағдайда, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының бизнес-сәйкестендіру нөмірін бұғаттау (терминалдау) нәтижелері бойынша Клиринг орталығы Клирингілік қатысушының қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініші негізінде Клиринг орталығы Есеп айырысу ережелеріне сәйкес қамтамасыз ету сомасын қайтаруды жүзеге асырады.

7 тарау. ТКБЖ-ДА ЕСЕП АЙЫРЫСУДЫ АЯҚТАУ ҮШІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ПАЙДАЛАНУ

23. ҚРҰБ өз қаражаты есебінен қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы үшін ААБЖ-ға есеп айырысуды аяқтағаны және осы қаражатты өтеу бойынша ҚРҰБ алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы орындамағаны туралы хабарлама келіп түскен жағдайда:
- 1) МБҚ түрінде қамтамасыз ету жағдайында – Клирингілік қатысушы Клиринг орталығына қамтамасыз етуді (МБҚ) аудару туралы өтінішті осы Ережелерге 5 қосымшаның нысаны бойынша Қамтамасыз ету шотында ескерілетін МБҚ-ны ҚРҰБ-ның шотына аударуды жүзеге асыру үшін ұсынады;
 - 2) Ұлттық валютамен қамтамасыз ету жағдайында – Клирингілік қатысушы Клиринг орталығына қамтамасыз етуді (ақша) аудару туралы өтінішті осы Ережелерге 6 қосымшаның нысаны бойынша Қамтамасыз ету шотында ескерілетін МБҚ-ны ҚРҰБ-ның шотына аударуды жүзеге асыру үшін ұсынады.
24. Қамтамасыз ету сомасын не оның бір бөлігін пайдаланған кезде Клирингілік қатысушы келесі жұмыс күні осы Ережелерде анықталған тәртіппен Қамтамасыз ету шотын толықтыруды қамтамасыз етеді.
25. Клирингілік қатысушы Қамтамасыз ету шотын толықтыру бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда осы Ережелердің 20 және 21 тармақтарында көзделген іс-әрекеттер орындалады.

8 тарау. ҚЖ/ТҚҚ НОРМАЛАРЫН ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САНКЦИЯЛЫҚ ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

26. Клирингілік қатысушыны, Клирингілік қатысушының клиентін, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысын, оның бенефициарлық меншік иелерін немесе Клирингілік қатысушыны тікелей немесе жанама иеленетін немесе бақылайтын ұйымды, оның клиентін, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыны террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізіміне және/немесе терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне және/немесе жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізген жағдайда, Қамтамасыз ету шотындағы, Клиринг орталығының Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шотындағы қамтамасыз ету (ақша және қаржы құралдары) тоқтатып қойылады. Қамтамасыз ету шоты, Клиринг орталығының Орталық депозитарийдегі корреспонденттік шоты бойынша, қамтамасыз етуді сату мен аударуды қоса алғанда, кез келген операциялар жүзеге асырылмайды.
27. Клиринг орталығының ААБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін ҚЖ/ТҚҚ шеңберінде оларға қатысты тоқтатып қою процедуралары қолданылған қамтамасыз етуді (ақша және қаржы құралдары) пайдалануға құқығы жоқ.
28. Клирингілік қатысушыға және/немесе оның клиентіне, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкциялар (тыйым салулар және/немесе шектеулер) және/немесе Клиринг орталығы үшін қандай да бір тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін өзге де шаралар қолданылған жағдайда, Клиринг орталығы бір жақты соттан тыс тәртіппен Клирингілік қатысушымен Келісім-шартты бұзуға құқылы.

9 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

29. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер заңнамаға, Клиринг орталығының жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Клиринг орталығының органдары мен лауазымды тұлғаларының өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдеріне, сондай-ақ қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау аясында ҚРҰБ-мен жасалған келісім-шарттар мен келісімдердің қағидаларына сәйкес шешіледі.
30. Осы Ережелер және оларға барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар не осы Ережелердің жаңа редакциясын бекіту Клирингілік қатысушылардың назарына Клиринг орталығының интернет-ресурсында оларды қолданысқа енгізгенге дейін күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей орналастыру арқылы жеткізіледі.
31. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ үш жылда кемінде бір рет өзектендірілуі тиіс.
32. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулардың уақтылы енгізілуіне клиринг бөлімшесі жауапты болады.

Басқарма Төрағасы

Н. Хорошевская

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелеріне

1 қосымша

[шығыс нөмірі және өтініш-келісім күні көрсетілген фирмалық бланкіде]

"KASE клиринг орталығы" АҚ

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсетуге ӨТІНІШ - КЕЛІСІМ

Клирингілік қатысушы **[жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес клирингтік қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі – Клирингілік қатысушы) осы өтініш-келісімге қол қоя отырып, "KASE клиринг орталығы" АҚ-на (бұдан әрі – Клиринг орталығы):

- қамтамасыз ету жүйесіне қатысушысы **[жарғыға және заңды тұлғаны әділет органдарында тіркеуге (қайта тіркеуге) сәйкес қамтамасыз ету жүйесі қатысушының толық атауы]** (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы) Клиринг орталығының "Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелері" атты ішкі нормативтік құжатында (бұдан әрі – Ережелер), сондай-ақ Клиринг орталығы мен Клирингілік қатысушы арасында жасалған ТКБЖ-де есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау туралы келісім-шартпен (бұдан әрі – Келісім-шарт) белгіленген көлемде және тәртіппен қызмет көрсетуге және қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының міндеттемелері шеңберінде және оның атынан Клиринг орталығы алдындағы іс-қимылдар мен жауапкершілікті орындауға;
- Клиринг орталығының Ережелерге сәйкес "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ-да қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы үшін ашылатын Қамтамасыз етудің қосалқы шоты туралы ақпаратты; қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының АҚҚАЖ мекенжайларын қоса алғанда, Келісім-шартқа сәйкес Клиринг орталығының төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыруы үшін қажетті және жеткілікті қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы туралы құпия ақпаратты алуына өзінің қайтарып алынбайтын және сөзсіз келісімін береді.

Клирингілік қатысушы қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыдан:

- ТКБЖ-ге есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау шеңберінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге және беруге, Клиринг орталығына құпия ақпарат беруге, сондай-ақ Клиринг орталығының көрсетілген ақпарат пен деректерді үшінші тұлғаларға беруіне;
- ақпаратты қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының тікелей АҚҚАЖ жүйесі арқылы Клиринг орталығынан ақпарат алуына тиісті келісімін алғанын растайды.

Клирингілік қатысушы осы өтініш-келісімге қол қойылғанға дейін ол қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыдан осы өтініш-келісімде көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға тиісті өкілеттіктер алғанына кепілдік береді және оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген өкілеттіктер шеңберінде әрекет ететінін растайды.

[Бірінші басшының немесе
уәкілетті тұлғаның лауазымы]

[қолтаңба]

[тегі, аты-жөні]

Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелеріне

2 қосымша

Төлем карталарының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау туралы

КЕЛІСІМ - ШАРТ

ДОГОВОР

о приеме, учете и контроле обеспечения в системе обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе платежных карт

<p>Келісім-шарт қосылу келісім-шарты болып табылады және "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның банкаралық төлем карталары жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау жөніндегі стандартты талаптарды анықтайды. Клирингілік қатысушы Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке өз қолын қою арқылы Келісім-шартқа қосылады</p>	<p>Договор является договором присоединения и определяет стандартные условия по приему, учету и контролю обеспечения АО "Клиринговый центр KASE" в системе обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе платежных карт. Клиринговый участник присоединяется к Договору путем проставления своей подписи на Заявлении о присоединении к Договору</p>
<p>1. Терминдер мен анықтамалар</p> <p>1.1. Клиринг орталығы – "KASE клиринг орталығы" АҚ;</p> <p>Клирингілік қатысушы – қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысы болып табылатын және/немесе қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына қызмет көрсететін клирингілік қатысушы;</p> <p>МБҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ТКБЖ-де есеп айырысуды аяқтау үшін қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мемлекеттік бағалы қағаздар;</p> <p>ААБЖ – ақша аударудың банкаралық жүйесі;</p> <p>ТКБЖ – төлем карталарының банкаралық жүйесі;</p> <p>Ережелер – Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау ережелері;</p>	<p>1. Термины и определения</p> <p>1.1. Клиринговый центр – АО "Клиринговый центр KASE";</p> <p>Клиринговый участник – клиринговый участник, являющийся участником системы обеспечения и/или обслуживающий участника системы обеспечения;</p> <p>ГЦБ – государственные ценные бумаги, принимаемые Национальным Банком Республики Казахстан в качестве обеспечения для завершения расчетов в МСПК;</p> <p>МСПД – межбанковская система перевода денег;</p> <p>МСПК – межбанковская система платежных карт;</p> <p>Правила – Правила приема, учета и контроля обеспечения в системе обеспечения завершения</p>

ТКБЖ жұмыс істеу ережелері – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу ережелері;

Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері;

Клиринг ережелері – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;

Есеп айырысу ережелері – Клиринг орталығының "Қор нарығында орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжаты;

Есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесі (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесі) – Қазақстан Республикасының аумағында банктер шығарған және жүйеде өңделген төлем карточкаларының халықаралық жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған банкаралық төлемдер (немесе) ақша аударымдары бойынша есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін ҚРҰБ пайдаланатын тетік;

Регламент – Ұлттық Банк Төрағасының 2026 жылғы 16 ақпандағы № 65 бұйрығымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты бөлімшелерінің, "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамының, "KASE клиринг орталығы" акционерлік қоғамының банкаралық төлем карточкалары жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі шеңберінде өзара іс-қимыл жасасу регламенті;

Есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы (бұдан әрі – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы) – есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысу туралы ҚРҰБ-мен жасалған келісім-шарт негізінде қамтамасыз ету жүйесіне қосылған жүйеге қатысушы;

Тараптар – Клиринг орталығы және Клирингілік қатысушы.

Келісім-шартта қамтылған ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде ТКБЖ жұмыс істеу ережелерінде, Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде, Клиринг орталығының ішкі құжаттарында: Ережелерде, Клиринг

расчетов в межбанковской системе платежных карточек;

Правила функционирования МСПК – Правила функционирования межбанковской системы платежных карточек, утвержденные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 31 августа 2016 года № 217;

Правила осуществления клиринговой деятельности – Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами, утвержденные постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 29 октября 2018 года № 254;

Правила клиринга – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления клиринговой деятельности по сделкам с финансовыми инструментами";

Правила расчетов – внутренний документ Клирингового центра "Правила осуществления денежных расчетов по сделкам с центральным контрагентом на фондовом рынке";

Система обеспечения завершения расчетов (далее – система обеспечения) – механизм, используемый НБРК для обеспечения завершения расчетов по межбанковским платежам (или) переводам денег, осуществленным на территории Республики Казахстан с использованием платежных карточек международных систем платежных карточек, выпущенных банками, и обработанным в системе;

Регламент – Регламент взаимодействия подразделений центрального аппарата Национального Банка Республики Казахстан, акционерного общества "Национальная платежная корпорация Национального Банка Республики Казахстан", акционерного общества "Клиринговый центр KASE" в рамках функционирования системы обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе

<p>ережелерінде, Клиринг интернет-ресурсында орналастырылған Клирингілік қатысушылар туралы қағидада (бұдан әрі бірлесіп қолданылатын Ережелер деп аталады) белгіленген мәндерде пайдаланылады.</p>	<p>платежных карточек", утвержденный приказом Председателя Национального Банка от 16 февраля 2026 года № 65;</p> <p>Участник системы обеспечения завершенности расчетов (далее – участник системы обеспечения) – участник системы, присоединившийся к системе обеспечения на основании договора с НБРК об участии в системе обеспечения завершенности расчетов;</p> <p>Стороны – Клиринговый центр и Клиринговый участник.</p> <p>Понятия и термины, содержащиеся в Договоре, используются в значениях, установленных законодательством Республики Казахстан, в том числе Правилами функционирования МСПК, Правилами осуществления клиринговой деятельности, внутренними документами Клирингового центра: Правилами, Правилами клиринга, Положением о клиринговых участниках, размещенными на интернет-ресурсе Клирингового центра и Регламентом (далее совместно именуемые применимые Правила).</p>
<p style="text-align: center;">2. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР</p> <p>2.1. Келісім-шарт Тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабының қағидаларына сәйкес жасасатын қосылу келісім-шарты болып табылады, оның талаптарын Клирингілік қатысушы тұтастай Келісім-шартқа қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін.</p> <p>2.2. Келісім-шарт Клиринг орталығының интернет-ресурсында жарияланған.</p> <p>2.3. Келісім-шартқа сәйкес Клирингілік қатысушы тапсырады, ал Клиринг орталығы қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке алуға және бақылауға және қолданылатын Ережелерде анықталатын шарттарда ТҚБЖ-де есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыруға міндеттенеді.</p>	<p style="text-align: center;">2. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ</p> <p>2.1. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Клиринговым участником не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>2.2. Договор опубликован на интернет-ресурсе Клирингового центра.</p> <p>2.3. В соответствии с Договором Клиринговый участник поручает, а Клиринговый центр обязуется принимать, учитывать и контролировать обеспечение и осуществлять иные действия для обеспечения завершенности расчетов в МСПК на условиях, определяемых применимыми Правилами.</p>
<p style="text-align: center;">3. КЕЛІСІМ-ШАРТҚА ҚОСЫЛУ ШАРТТАРЫ</p>	<p style="text-align: center;">3. УСЛОВИЯ ПРИСОЕДИНЕНИЯ К</p>

<p>3.1. Келісім-шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Клирингілік қатысушы:</p> <ul style="list-style-type: none">– қолданылатын Ережелер мен Келісім-шарттың қағидаларын алғанын, оқығанын, түсінгенін және толық көлемде, қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз олармен келісетінін және Келісім-шарттың барлық қағидаларын уақтылы және толық көлемде орындауға міндеттенетінін және олардың қағидаларының, шарттары мен талаптарының мәнін түсінетінін, сондай-ақ олардың қағидаларымен, шарттарымен және талаптарымен сөзсіз келісетінін;– Келісім-шарттың қағидаларын орындамаудың және/немесе тиісінше орындамаудың барлық ықтимал қолайсыз салдарын өзіне алатынын;– Клирингілік қатысушы Клиринг орталығының Келісім-шартта көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруының барлық шарттарымен және тәртібімен келісетінін;– Келісім-шарттың барлық қағидалары Клирингілік қатысушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін;– Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысудың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсетуге өтініш-келісім берілген жағдайда Клиринг орталығы қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қамтамасыз ету сомасы және шығыс шектелімі бойынша деректерді АКҚАЖ жүйесі арқылы тікелей жіберуге құқылы екенін;– Клирингілік қатысушының, егер Клиринг орталығында Клирингілік қатысушы қол қойған Келісім-шартқа қосылу туралы өтініштің данасы болса, оның Келісім-шартты оқымағанына/түсінбегеніне/қабылданғанына дәлел ретінде Келісім-шартта оның қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін растайды және келіседі.	<p style="text-align: center;">ДОГОВОРУ</p> <p>3.1. Подписывая Заявление о присоединении к Договору, Клиринговый участник подтверждает и соглашается с тем, что:</p> <ul style="list-style-type: none">– получил, прочитал, понял и согласился с положениями условий применимых Правил и Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора и понимает значение их положений, условий и требований, а также безусловно соглашается с их положениями, условиями и требованиями;– принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений Договора;– Клиринговый участник соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Клиринговым центром действий, предусмотренных Договором;– все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Клирингового участника;– в случае предоставления заявления – согласия на обслуживание участника системы обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе платежных карточек, по форме согласно приложению 1 к Правилам Клиринговый центр вправе напрямую направлять участнику системы обеспечения данные по сумме обеспечения и расходному лимиту посредством системы ФАСТИ;– Клиринговый участник не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Клирингового центра имеется
--	--

	экземпляр подписанного Клиринговым участником Заявления о присоединении к Договору.
<p>4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ</p> <p>4.1. Клиринг орталығы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клирингілік қатысушы (немесе оның қамтамасыз ету жүйесіне қатысушы клиенті) ТКБЖ-дегі есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету үшін беретін қамтамасыз етуді қабылдауға, есепке алуға және бақылауға; 2) Клирингілік қатысушыны Келісім-шартта көзделген мерзімде және тәртіппен Келісім-шартқа енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар (оның ішінде Келісім-шартты жаңа редакцияда бекіту) туралы хабардар етуге; 3) қолданылатын Ережелерде көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндеттенеді. <p>4.2. Клирингілік қатысушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиринг орталығына Келісім-шартқа қосымшада белгіленген нысан бойынша 1 (бір) жұмыс күні ішінде Қамтамасыз етудің қосалқы шотын ашу туралы хабарлама жіберуге; 2) Ережелерге 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша төлем карточкаларының банкаралық жүйесінде есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесіне қатысушыға қызмет көрсетуге өтініш – келісім берілген жағдайда, өз клиентінің – қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының атынан іс-қимылдарды орындауға және Ережелерде белгіленген көлемде және тәртіппен көрсетілген клиенттің міндеттемелерін орындағаны үшін Клиринг орталығының алдында жауапты болуға; 3) Ережелерде анықталған тәртіппен МБҚ-ны қамтамасыз етудің қосалқы шотына және/немесе Клиринг орталығының корреспонденттік шотына ұлттық валютадағы ақшаны есепке алуды қамтамасыз етуге; 4) Ережелерде анықталған қамтамасыз ету мөлшерін қамтамасыз етуге; 5) Клиринг орталығынан хабарлама алған кезде қажетті мөлшерге дейін қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда күні Алматы уақыты бойынша сағат 14:00-ге дейінгі мерзімде МБҚ-ның және/немесе ұлттық валютадағы ақшаның қосымша көлемін 	<p>4. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН</p> <p>4.1. Клиринговый центр обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) принимать, учитывать и контролировать обеспечение, передаваемое Клиринговым участником (или его клиентом-участником системы обеспечения) для обеспечения завершения расчетов в МСПК; 2) уведомлять Клирингового участника о внесенных в Договор изменениях и/или дополнениях (в том числе утверждения Договора в новой редакции) в срок и в порядке, предусмотренные Договором; 3) выполнять иные обязательства, предусмотренные применимыми Правилами. <p>4.2. Клиринговый участник обязуется:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) направлять Клиринговому центру уведомление об открытии Субсчета обеспечения в течение 1 (одного) рабочего дня по форме, установленной приложением к Договору; 2) в случае предоставления заявления – согласия на обслуживание участника системы обеспечения завершения расчетов в межбанковской системе платежных карточек, по форме согласно приложению 1 к Правилам выполнять действия от имени своего клиента – участника системы обеспечения и нести ответственность перед Клиринговым центром за исполнение обязательств указанного клиента, в объеме и порядке, установленном Правилами; 3) обеспечивать зачисление на Субсчет обеспечения ГЦБ и/или денег в национальной валюте на корреспондентский счет Клирингового центра в порядке,

<p>беруді қамтамасыз етуге;</p> <p>6) ҚРҰБ осындай қатысушы үшін ААБЖ-да есеп айырысуды аяқтаған жағдайда, ҚРҰБ-ның қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының оған қаражатты өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны туралы хабарламасының негізінде Клиринг орталығына Ережелерде белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуді (ұлттық валютадағы ақшаны және/немесе МБҚ) аудару туралы өтініш беруге;</p> <p>7) Клиринг орталығының сұрау салуы бойынша ол белгілеген мерзімде Клирингілік қатысушының өзі қызмет көрсететін қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді қоса алғанда, Ережелерді іске асыру үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;</p> <p>8) өз қызметі процесінде Клиринг орталығын өз клиенттерімен, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесінің қатысушыларымен және өзге де үшінші тұлғалармен сот талқылауларына тартуға мүмкіндік туғызатын жағдайларға көпілдік беруге және оларға жол бермеуге, Клиринг орталығына наразылық және/немесе талаптар қойған жағдайда көрсетілген тұлғалардың Келісім-шарттың мәнінен туындайтын барлық наразылықтарын дербес реттеуге, Клиринг орталығына осындай талаптарды реттеу жөнінде жәрдем көрсетуге, наразылықтың мәні бойынша ақпарат, оларды реттеу жөнінде ұсыныстар беруге, көрсетілген талапты Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті органының не соттың қарауы кезінде өз өкілдерінің қатысуын қамтамасыз етуге;</p> <p>9) қолданылатын ережелерде көзделген талаптар мен өзге де міндеттемелерді сақтауға міндеттенеді;</p> <p>4.3. Клирингілік қатысушы ҚРҰБ-ның осындай қатысушы үшін ААБЖ-да есеп айырысулары аяқталған жағдайда, қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының өзіне қаражатты өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны туралы ҚРҰБ-ның хабарламасы негізінде Ережелерде белгіленген тәртіппен Клиринг орталығының қамтамасыз етуді (ұлттық валютадағы ақшаны және/немесе МБҚ-ны) пайдалануға құқылы екенін растайды және келісімін білдіреді.</p>	<p>определенном Правилами;</p> <p>4) обеспечивать такой размер обеспечения, который определен Правилами;</p> <p>5) обеспечивать предоставление дополнительного объема ГЦБ и/или денег в национальной валюте в случае недостаточности обеспечения до необходимого размера в срок до 14:00 часов алматинского времени дня при получении уведомления от Клирингового центра;</p> <p>6) на основании уведомления НБРК о неисполнения участником системы обеспечения обязательств по возмещению ему средств в случае завершения НБРК в МСПД расчетов за такого участника, предоставлять в Клиринговый центр заявление о переводе обеспечения (денег в национальной валюте и/или ГЦБ), в порядке, установленном Правилами;</p> <p>7) по запросу Клирингового центра в установленный им срок предоставлять дополнительные документы и информацию, необходимые для реализации Правил, включая документы и сведения, подтверждающие полномочия Клирингового участника действовать от имени обслуживаемого им участника системы обеспечения;</p> <p>8) гарантировать и не допускать в процессе своей деятельности ситуаций, создающих возможность вовлечения Клирингового центра в судебные разбирательства со своими клиентами, в том числе участниками системы обеспечения и иными третьими лицами, самостоятельно урегулировать все претензии указанных лиц, вытекающих из существа Договора, в случае предъявления ими претензий и/или требований к Клиринговому центру оказывать содействие Клиринговому центру по урегулированию таких требований,</p>
---	--

	<p>предоставлять информацию по существу претензии, предложения по их урегулированию, обеспечить участие своих представителей при рассмотрении указанной претензии соответствующим уполномоченным органом Республики Казахстан либо судом;</p> <p>9) соблюдать требования и иные обязательства, предусмотренные применимыми правилами;</p> <p>4.3. Клиринговый участник подтверждает и выражает согласие с тем, что Клиринговый центр вправе использовать обеспечение (деньги в национальной валюте и/или ГЦБ) в порядке, установленном Правилами, на основании уведомления НБРК о неисполнении участником системы обеспечения обязательств по возмещению ему средств в случае завершения расчетов НБРК в МСПД за такого участника.</p>
<p>4.4. Клиринг орталығы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ТКБЖ-де есеп айырысулардың аяқталуын қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау шеңберінде туындайтын ақпарат пен мәліметтерді жинауға, өңдеуге және сақтауға; 2) Клирингілік қатысушыдан Ережелерді іске асыру үшін қажетті қосымша құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде Клирингілік қатысушының өзі қызмет көрсететін қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының атынан әрекет ету өкілеттігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді сұратуға; 3) ҚРҰБ осындай қатысушы үшін ААБЖ-да есеп айырысуды аяқтаған жағдайда, ҚРҰБ-ның қамтамасыз ету жүйесіне қатысушының оған қаражатты өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны туралы хабарламасының негізінде Ережелерде белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуді (ұлттық валютадағы ақшаны және/немесе МБҚ-ны) пайдалануға; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және қолданылатын Ережелерде көзделген клирингілік және сауда-клирингілік шоттарды ашуға; 5) осы туралы Келісім-шартта белгіленген тәртіппен хабардар ете отырып, Ережелерге, Келісім-шартқа және Клиринг орталығының өзге де ішкі құжаттарына 	<p>4.4. Клиринговый центр вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) собирать, обрабатывать и хранить информацию и сведения, возникающие в рамках приема, учета и контроля обеспечения в системе обеспечения завершенности расчетов в МСПК; 2) запрашивать у Клирингового участника дополнительные документы и информацию, необходимые для реализации Правил, в том числе документы и сведения, подтверждающие полномочия Клирингового участника действовать от имени обслуживаемого им участника системы обеспечения; 3) на основании уведомления НБРК о неисполнении участником системы обеспечения обязательств по возмещению ему средств в случае завершения НБРК в МСПД расчетов за такого участника, использовать обеспечение (деньги в национальной валюте и/или ГЦБ), в порядке, установленном

<p>біржақты тәртіппен өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге (оның ішінде оларды жаңа редакцияда бекіту жолымен);</p> <p>6) Клирингілік қатысушының, оның ішінде Клиринг орталығының пайдасына клирингілік алымдарды төлеу жөніндегі міндеттемелерін Клиринг орталығының ішкі құжаттарында, оның ішінде Клирингілік алымдар мен тұрақсыздық айыбы туралы қағидада белгіленген тәртіппен анықтауға;</p> <p>7) Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындау мақсатында өзге де ұйымдармен және мекемелермен өзара іс-қимыл жасауға;</p> <p>8) Клирингілік қатысушыдан Келісім-шарттың талаптарын орындауды талап етуге;</p> <p>9) Клирингілік қатысушы қолданылатын Ережелерде көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде Келісім-шартты біржақты соттан тыс тәртіппен орындаудан бас тартуға;</p> <p>10) процедуралар және/немесе шарттар өзгерген жағдайда қамтамасыз ету жүйесінде қамтамасыз етуді қабылдағаны, есепке алғаны және бақылағаны үшін тарифтердің мөлшерін біржақты тәртіппен өзгертуге;</p> <p>11) Клирингілік қатысушыға, Клирингілік қатысушының клиентіне, оның ішінде қамтамасыз ету жүйесінің қатысушысына, оның қатысушыларына/акционерлеріне және бенефициарлық меншік иелеріне халықаралық санкциялар (тыйым салулар және/немесе шектеулер), сондай-ақ Клирингілік қатысушыны Клиринг орталығымен немесе Клиринг орталығы үшін қандай да бір тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін мәмілелерді жасасуға/орындауға шектейтін немесе тыйым салатын өзге де шаралар қолданылған жағдайда Келісім-шартты соттан тыс бір жақты тәртіппен бұзуға;</p> <p>12) Келісім-шартта және қолданылатын Ережелерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.</p>	<p>Правилами;</p> <p>4) открывать клиринговые и торгово-клиринговые счета, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и применимыми Правилами;</p> <p>5) в одностороннем порядке вносить изменения и/или дополнения в Правила, Договор (в том числе путем их утверждения в новой редакции) и иные внутренние документы Клирингового центра с информированием об этом в порядке, установленном Договором;</p> <p>6) определять обязательства Клирингового участника, в том числе по уплате клиринговых сборов в пользу Клирингового центра, в порядке, установленном внутренними документами Клирингового центра, в том числе Положением о клиринговых сборах и неустойках;</p> <p>7) взаимодействовать с иными организациями и учреждениями в целях надлежащего выполнения своих обязательств, предусмотренных Договором;</p> <p>8) требовать от Клирингового участника выполнения условий Договора;</p> <p>9) отказаться от исполнения Договора в одностороннем внесудебном порядке при невыполнении Клиринговым участником обязательств, предусмотренных применимыми Правилами;</p> <p>10) изменять в одностороннем порядке размеры тарифов за прием, учет и контроль обеспечения в системе обеспечения в случае изменения процедур и/или условий;</p> <p>11) в одностороннем внесудебном порядке расторгнуть Договор в случае применения к Клиринговому участнику, клиенту Клирингового участника, в том числе</p>
--	---

	<p>участнику системы обеспечения его участникам/акционерам и бенефициарным собственникам международных санкций (запретов и/или ограничений), а также иных мер, ограничивающих или запрещающих Клиринговому участнику, заключать/исполнять сделки с Клиринговым центром или которые могут повлечь какие-либо риски для Клирингового центра;</p> <p>12) осуществлять иные права, предусмотренные Договором, и применимыми Правилами.</p>
<p>4.5. Клирингілік қатысушы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиринг орталығына қолданылатын Ережелерге сәйкес есептерді ұсыну туралы сұрау салулар жіберуге; 2) Келісім-шарт бойынша орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда Келісім-шарттың ережелерінде белгіленген мерзімдерде хабарлама жіберу арқылы осы Келісім-шартты соттан тыс біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға; 3) Келісім-шартта және қолданылатын Ережелерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы. 	<p>4.5. Клиринговый участник вправе:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) направлять Клиринговому центру запросы о предоставлении отчетов в соответствии с применимыми Правилами; 2) отказаться от исполнения настоящего Договора в одностороннем внесудебном порядке путем направления уведомления в сроки, установленные положениями Договором при условии отсутствия невыполненных обязательств по Договору; 3) осуществлять иные права, предусмотренные Договором, и применимыми Правилами.
<p style="text-align: center;">5. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ</p> <ol style="list-style-type: none"> 5.1. Клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуді қабылдау, есепке алу және бақылау үшін Клиринг орталығы бекіткен тариф алынады. 5.2. Клиринг орталығы қамтамасыз етуді қабылдағаны, есепке алғаны және бақылағаны үшін шот-фактураларды ай сайын әр айдың бесінші күнінен кешіктірмей ұсынады. 5.3. Клирингілік қатысушы шот-фактураны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған шот-фактураға сәйкес ай сайын Клиринг орталығына тариф бойынша ақы төлеуді жүргізеді. 	<p style="text-align: center;">5. ПОРЯДОК РАСЧЕТОВ</p> <ol style="list-style-type: none"> 5.1. За прием, учет и контроль обеспечения Клирингового участника Клиринговый центр взимается тариф, утвержденный Клиринговым центром. 5.2. Счета-фактуры за прием, учет и контроль обеспечения Клиринговый центр выставляет ежемесячно не позднее пятого числа каждого месяца. 5.3. Клиринговый участник ежемесячно производит оплату по тарифу Клиринговому центру согласно предоставленному счету-фактуре в течение 5 (пяти) рабочих дней со дня получения счета-фактуры.
<p style="text-align: center;">6. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ МӘН-ЖАЙЛАРЫ</p> <ol style="list-style-type: none"> 6.1. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп: <ol style="list-style-type: none"> 1) Тараптың өз міндеттемелерін орындауы 	<p style="text-align: center;">6. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ</p> <ol style="list-style-type: none"> 6.1. Под _____ обстоятельствами

